

Келісілген
АББ басшысы
А.Т.Ақшалова

Бекітемін
Мектеп директоры
С.С. Шарипова

Қоғам ауылының Шәймерден Қосшығұлов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебінің
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

2022-2023 оқу жылына арналған
оқу – тәрбие жұмыстарының жоспарына
түсінік хат

Ш.Қосшығұлов атындағы ЖОББ мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарын құрастыру барысында төмендегідей нормативті-құқықтық құжаттар ескерілді:

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының негізінде жасалған.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі N 319);
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
- Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру қызметін қалыпқа келтіретін нормативті-құқықтық құжаттар;
- Жалпы білім беретін мектептерде мектепшілік құжаттамасын жүргізілу жөнінде нұсқаулық;
- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы құрастырған «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хаты;
- Елбасы жолдаулары;
- Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарының санитарлық-эпидемиологиялық талаптары»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің жалпыға бірдей міндетті білім берудің мемлекеттік стандарты (05.05.2020 жылғы №182 бұйрығы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылдың 8 қарашасындағы №500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарлары (қосымша – 6, қазақ тілінде, 8-қосымша ұйғыр тілінде оқитын сыныптарға арналған), (04.09.2018 жылғы №441 бұйрығы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Мектеп проблемасы:

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді пайдалану арқылы бәсекеге лайықты, нәтижеге бағытталған шығармашыл, дара тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу, ішкі мүмкіндіктерін ашу.

Мектептің даму тақырыбы:

«Жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мектеп оқушыларының құзыреттілігін білім стандартына сәйкес қалыптастыру»

Оқыту мен тәрбие берудің мақсаты:

«Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу»

2022-2023 оқу жылының міндеттері:

- 1.** «Білім туралы» Заң мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жұмысты жалғастыру;
- 2.** «Ұлт жоспары «100 нақты қадам» контекстінде «Мәңгілік ел», мемлекеттік «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяларының негізіне шоғырланған мәдени сәйкестік және қазақстандық өзіндік сананы қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту;
- 3.** 1-11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамтуды жүзеге асыру;
- 4.** Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, инклюзивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту, ;
- 5.** Оқушылардың функционалдық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді әдістері мен жаңа технологияларды қолданатын педагогтардың жұмыстарын тәжірибеге енгізу;
- 6.** Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы педагогтардың жақсы тәжірибелерін жүйелі жарыққа шығару, олардың жаңашыл жұмыстарын жариялау;
- 7.** Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу жұмысын жандандыру, педагогтардың білім берудің жаңашыл технологияларын игеруіне жағдай жасау;
- 8.** Оқушылардың ББД көрсеткіштері, ҰБТ нәтижелерін жоғарылатуды қамтамасыз ету.
- 9.** Жас мұғалімдердің білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлі курстардан жүйелі түрде өткізуді, әдістемелік семинарларға қатысуларын басшылықты ұйымдастыру;
- 10.** Курстан өту уақыты біткен мұғалімдерді жаңартылған мазмұнда оқыту бойынша перспективалық жоспарға сәйкес кесте бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;
- 11.** Мектепішілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу;
- 12.** Оқу кабинеттерінің жүйелендірілуін жетілдіру. Сертификатталған кабинеттердің санын арттыру;
- 13.** Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру, жүйелеу;
- 14.** Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқушының білім деңгейінің мониторингін анықтау;
- 15.** Инклюзивті сыныптар ашу, жұмысын жандандыру;
- 16.** Тәрбие берудің 8 бағытын талапқа сай орындау;

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарының мазмұны

1.бөлім 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмысына сараптама .

2. бөлім«Білім беру бойынша нормативтік құжаттарды жүзеге асыруға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру».

2.1. 2022-2023 оқу жылына арналған жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары

2.2 2022-2023 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңын іске асыру жоспары

2.3. 2022-2023 оқу жылына арналған«Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

2.4. Техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары

2.5. Инклюзивті білім беруді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

3. бөлім Педагогикалық құраммен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестация

3.1. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық құрамның жұмыс жоспары

3.2 2022-2023 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің курстық дайындық жоспары

3.3 2022-2023 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің аттестация жоспары

4. бөлім «Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру»

4.1. Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың жоспары.

4.2. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспар

4.3. 2022-2023 оқу жылына арналған мектеп әдістемелік кеңесінің жоспар

4.4. ЖММ жұмыс жоспары

4.5. 2022-2023 оқу жылына кітапхана жұмысының жоспары

4.6 Бақылау көрсеткіштері

5.бөлім «Білім беру процесін психологиялық қолдауды ұйымдастыру»

6. бөлім «Мектептің оқушылармен және ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру»

7. бөлім «МІБ мектепті басқару және ұйымдастыру»

7.1 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің циклограммасы

7.2. 2022-2023 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

7.3. 2022-2023 оқу жылына арналған директор жанындағы кеңес жоспары

7.4. 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің қамқоршылар кеңесі отырысының жоспары

7.5. 2022-2023 оқу жылының аяқталуы бойынша іс-шаралар

7.6. МІБ жоспары

1.бөлім 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмысына сараптама .

Сараптаманың мақсаты: мектептің өткен кезеңдегі қызметі қорытындысының бағасын жүзеге асыру; оның әрі қарай дамуының таңдаулы нұсқаларын анықтау, жаңа оқу жылына мектеп қызметінің жүйесін жобалау.

Сараптама дереккөздері.

1. Білім беру үдерісінің статистикасы.
2. Мектепшілік бақылаудың жүйелендірілген мәліметтері.
2021-2022 оқу жылы мектептің педагогикалық ұжымының қызметі ҚР «Білім беру туралы» Заңын, мектеп Жарғысын, бұйрықтарын, БҒМ әдістемелік хаттары мен ұсынымдарын, сондай-ақ, білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туралы реттеліп отырылатын мәселелер анықталған ішкі бұйрықтарды басшылыққа алды.

Мектептің білім беру туралы мемлекеттік нормативтік құжаттарын орындауға бағытталған қызметін ұйымдастыру

1) ҚР «Білім беру туралы» Заңына сәйкес, баланың тегін білім алу құқығын жүзеге асыру мақсатында мектепте мектеп жасындағы балаларды оқытумен қамту бойынша жұмыс жүзеге асырылуда. Мектепке толығымен қамтылуды қамтамасыз ету үшін мектеп оқушыларының электронды мәлімет базасы (1-11 сыныптар) құрылған.

2) 2021 жылғы қыркүйек айындағы және 2022 жылғы қаңтар айындағы жоспарға сәйкес, мұғалімдердің пәндік күнтізбелік-тақырыптық жоспары бекітілді.

3) 2021-2022 оқу жылы мектепте 11 комплект сынып болды, оқыту қазақ тілінде жүргізілді.

Мектеп оқушыларының үш жылдағы контингенті

Оқытылу сатысы	2020-2021ж.		2021-2022ж.		2022- 2023ж.	
	Барлығы сыныптар	Оқушылар саны	Барлығы сыныптар	Оқушылар саны	Барлығы сыныптар	Оқушылар саны
Бастауыш мектеп	4	25	4	31	3	15
Негізгі мектеп	7	47	7	48	6	33
Барлығы	11	72	11	79	9	55
				-7		-24

Бұл кесте мектепте оқушылар саны азайғанын көрсетеді. 2021-2022 оқу жылына қарағанда 2022-2023 оқу жылы оқушылар саны 7 оқушыға азайды. Оқу жылы бойы мектеп бір ауысымда жұмыс істеді. Оқу жылының соңында мектептегі оқушылар саны 61+2 адамды құрады. Оқу жылы бойы екі оқушы келді. Кеткен оқушылар жоқ. Сыныптардың орташа толықтырылуы 2021-2022 оқу жылы – 6 оқушыны құрады, бұл оқуларды сапалы оқыту үшін тиімді болып табылады.

Мектеп әкімшілігі азаматтар құқығын жүзеге асыру бойынша қызметінде білім беру саласындағы ҚР заңнамасын, нормативті құжаттарды басшылыққа алады және азаматтардың білім алуының конституциялық құқығының сақталуына үнемі бақылау жасап отырады.

Оқушыларды қабылдау мектеп директорының бұйрығы негізінде ата-аналар өтініштері қорытындысы бойынша жүргізіледі, бұл бұйрықтар кітабына жазылады. Барлық келген және кеткен оқушылардың білім беру мекемесіне келуі мен кетуі туралы құжаттары бар.

2021-2022 оқу жылы мектеп ұжымы «Оқушының зияткерлік әлеуетін дамыту арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттыру» тақырыбы бойынша жұмысын жалғастырды. Жұмыстың мақсаты: Серпінді дамып келе жатқан ортада өзін-өзі белсендіруге дайын, бәсекеге қабілетті тұлғаны және дарынды балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесілер қажетті:

- тереңдетілген білім беруді іске асыру;
- елдің зияткерлік әлеуетін сақтау және көбейту;
- дарынды балаларды оқытудың дараландырылған сипатын және білім алушылардың мамандырылған үлгілік оқу бағдарламаларын сапалы игеруін қамтамасыз ету;
- ұлттық мақтаныш, азаматтық абырой, Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік сезіміне ие азамат пен патриоттың әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыру.
- оқуға деген дайындылықты, танымдылыққа деген қызығушылықты, оқыту ортасын қалыптастыру;
- оқушылардың танымдылық үдерісіне, мінез түріне, жасына және бағдарлама мен мемлекеттік стандарт талаптары деңгейіне сәйкес функционалды сауаттылықты қалыптастыруға көмек көрсету;
- жаңартылған білім беру талаптары бойынша жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу мен негізгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті критерилер жүйесін өңдеу;
- тәрбие жүйесін өзін-өзі дамыту мен рухани-адамгершілік тәрбие бойынша әзірлеп, жүзеге асыру;
- орта білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық-техникалық базаны құру;
- мектепті дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға, оқыту-тәрбиелеу үдерісіне енгізілген барлық білім беру құрылымдары мен персоналды тиімді басқаруды әзірлеп, жүзеге асыру.

Жыл сайынғы жұмыс мазмұны барлық педагогикалық ұжымның жұмысы туралы түсінік беріп, қорытынды шығаруға мүмкіндік жасайды: оқыту үдерісі жан-жақты зерттеледі; тексерілетін аспектілер бойынша қабылданған шаралар тиімді; әрбір қаралатын мәселе бойынша кемшіліктер, ескертулер мен оларды шешу жолдары анықталады. Мектептің бағдарламалары мен жоспарлары негізделген, оларда нақты ресурстар ескеріледі, мүмкіндікері мен салдары анықталады, жұмысты бағдарлауға, жоспарлауға деген жүйелі тәсілдер тексеріледі.

II. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау

Білім беру сапасы

педагогикалық құрамның сапасымен анықталады. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы «ҚР жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы» Ережеге сәйкес, оқыту-тәрбиелеу үдерісін нәтижелі түрде жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытумен айналысуға мүмкіндік береді.

2021 – 2022 оқу жылы мектеп қажетті педагогикалық кадрлармен толығымен жинақталды. Педагогикалық кадрлардың оқыту жүктемесі заңнамалық нормативтерге және педагогтардың сұраныстарына сәйкес жүргізілді.

Мектепте 2021-2022 оқу жылының басында барлығы 24 мұғалім болды, 1 педагог-психолог.

Жоғары біліммен 22 (жалпы педагогтар санының 92 %-ы), орта арнаулы біліммен 2 (8%). Педагогтардың көбінің мол педагогикалық тәжірибелері бар.

Педагогикалық ұжымның сапалық саны да мектеп мұғалімдерінің жоғары кәсіби потенциалын көрсетеді. педагог жоғары санатты 6 (олардың ішінде 3 педагог зерттеуші), бірінші санатты – 4 (олардың ішінде 4 педагог-сарапшы), екінші – 4 (оның ішінде 2 педагог-модератор), санаты жоқ педагог болды. Осылайша, оқу жылының басында 57 педагогтың (64 пайыз) жоғары және бірінші санаттары болды, бұл жалпы білім беру мекемелерінің лицензиялық талаптарына сай келеді.

Әдістемелік жұмыс

Педагогикалық ұжым қызметінің негізгі мақсаттарының бірі білім беру сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Аталмыш мақсатты жүзеге асыру үшін әдістемелік қызметтің «Мұғалімнің жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты тақырыбы белгіленді, ол оқушылардың оқудағы жетістіктерін арттыруға, олардың функционалдық сауаттылығы дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін жаңа педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру саласында ҚР заңнамасымен, ҚР БҒМ нормативті құжаттармен, нұсқаулықтармен, бұйрықтарымен, ҚР БҒМ ұйғарымдарымен, мектепті дамыту бағдарламасымен.

Білім беру үдерісі жағдайының нәтижесімен, оқытылу деңгейімен, оқушылардың тәрбиесі мен дамуымен.

Педагогтардың кәсіби мүдделері мен сұранымдарының болуымен.

Әдістемелік жұмыстың түйінді мақсаты: Жаңартылған білім беру мазмұны мен инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыруға арналған ұйымдастырушылық-басқарушылық ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық жағдайлар құру.

Бұл мақсатты жүзеге асыруға мектепшілік басқару мен мектеп өміршеңдігі жүйесімен байланысты міндеттер жұмылдырылды. Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік қызметін жетілдірудегі құралды өңдеуге, енгізуге,

мектептегі оқыту-тәрбиелеу үдерісіне қажетті, білім бері үдерісіне қатысушылардың барлығының денсаулықтарын сақтау мен нығайтуға көмек көрсететін, білім беру мақсаттары үшін қажетті әдістемелер, бағдарламалар, технологиялар, жеке педагогикалық қабылдаулар, дәстүрлі емес сабақтар мен басқа да ғылыми-әдістемелік өңдеулерді жетілдіруге бағытталған.

Әдістемелік қызмет құрылымына әдістемелік кеңес, 8 пәндік әдістемелік бірлестіктер кіреді.

Әдістемелік қызмет жұмысының басты міндеттері:

1. Мұғалімдердің құзыреттілігінің қалыптасу сатысын анықтау;
2. Мектептің педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі жүйесін құру;
3. Педагогтардың кәсіби дамуы үшін ғылыми-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;
4. Педагогтардың кәсіби дамуының материалдық-техникалық қолдауын қамтамасыз ету.

Мектептің әдістемелік тақырыбына сәйкес педагогтардың өз білімін жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылды. Әрбір ӘБ өзінің әдістемелік тақырыбы бойынша, мектептің әдістемелік тақырыбына байланысты және өз қызметіне байланысты, ең алдымен әрбір жеке мұғалімге әдістемелік көмекті ұйымдастыруға бағдарлана отырып жұмыс жасайды.

ӘБ білім беру қызметіне талдай жасай отырып, келесі аспектілерді атап өтуге болады:

1. ӘБ мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру мемлекеттік бағдарламалар талаптарына сәйкес жүзеге асырылды, нормативті-құқықтық және білім берудің барлық деңгейдегі басқарушылық құжаттары негізінде жүргіілді, оқушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғауға бағытталды.
2. Барлық пән мұғалімдері білім беру үдерісін негізін ҚР БҒМ жалпы білім беретін мектептерге арналған бағдарламалары құрайтын жұмыс бағдарламалары бойынша жүзеге асырды.
3. Озық педагогикалық тәжірибені ұсыну мен жалпылау бойынша жұмыс бұрынғыша тиімсіз болып қалуда. Аталмыш бағыт бойынша негізгі проблема педагогтардың аналитикалық материалдар дайындағылары келмейтінінде, көптеген педагогтардың өз жұмыстарын жүйелендіре білмейтіндігінде болып отыр.
4. ӘБ жоспары мен жұмыс анализінде ӘБ білім берудің аса проблемалық шешімдерін қарастыратыны аталған, әртүрлі проблемаларды шешу жолдарын іздеп, тауып, өз жұмысында белсенді формаларды қолданып жатыр. Бұл мектеп жұмысының қорытындысына жағымды әсер ететінін көрсетуде. Бұл мектептегі ӘБ мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттыру үдерісін үздіксіз қамтамасыз етуге көмек көрсететіні туралы айтады.
5. Дегенмен, жұмысты жоспарлаудағы ресімилікті және ӘБ жетекшісінің анализ өткізуін атап өту керек: міндеттердің, мәжілістер тақырыптарының және тіпті ашық сабақтардың қайталануы, сандық мәліметтер мен мұғалімдердің конкурстарға қатысу мәліметтері ауыстырылып отырылады.
6. Мектепте мұғалімдердің ақпараттық технологияларды игеруіне зор көңіл бөлінуде. Қазіргі уақытта мектептегі мұғалімдердің барлығының үйінде компьютер

бар, бұл әрине аталмыш бағыттағы жұмысты жеңілдететін түседі. Бірақ, мұғалімдердің барлығы ИКТ-ны жүйеде қолданбайды. Және компьютердің жетіспеуінен жұмыста ақпараттық технологиялар қолданылмайды деуге болмайды, ал мұғалімдердің аталмыш мәселеге деген қатынасынан болып отыр.

Әдістемелік бірлестіктердің тиімді қызметі өткен жылғы жұмыстың сапасымен анықталады.

2019-2020 оқу жылы әдістемелік бірлестік қызметі келесілерге бағытталды:

1. Оқыту мен білім сапасының жағдайын, оқушылардың пән бойынша білімі мен дағдыларын зерттеу және талдау жасау (тақырыптық және әкімшілік бақылау жұмыстарының қорытындысы мен олардың анализі, бір-бірінің сабақтарына қатысу және сабаққа, сыныптан тыс шараларға талдау жасау, тиімді педагогикалық технологияларды оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру мақсатында қолдану).
2. Мұғалімнің жұмыс жүйесін зерттеу (сабақты жоспарлау мен ұйымдастыру сапасы, оқыту әдістерінің тиімділігі,).
3. Мұғалімдердің өзекті тәжірибесін зерттеу және оны шығармашылық түрде қолдана білу.
4. Пән бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру.
5. Мұғалімдердің сабақтарда және сабақтан тыс жұмыста ИКТ қолдануы мен ақпараттық мәдениетін дамыту.
6. Әдістемелік қолдауды ұйымдастыру және мұғалімдерге өз білімін жетілдіру бойынша қызметті ұйымдастыру.
7. Қажетті әдістемелік-дидактикалық материалды өңдеу мен жүйелендіру және ресурсты қамтамасыз етуді жетілдіру.

Педагогикалық ұжымның барлық мүшелері жеке әдістемелік тақырып немесе проблема бойынша жүйелі, жоспарлы жұмыс жүргізуде. Өз білімін жетілдіру мәселелері ӘБ мәжілістерінде талқыланады. Мектептің әдістемелік жұмысында сабақты ұйымдастыру түрлері мен әдістеріне ерекше көңіл бөлінеді. Сабаққа қатысу мен бақылаудың басты бағыттары: оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру; оқушылардың танымдық қызметінің тәсілдері мен әдістерін белсендендіру; пәнді оқыту жағдайы; әр деңгейлі оқытуды қолдану, ИКТ қолдану, мемлекеттік қорытынды аттестациялауға дайындалу, сабақ үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау, қайталауды ұйымдастыру сабақты оқыту сапасын айтарлықтай жақсартуға бағытталған.

Қорытынды: сабақтарға қатысу анализі көрсетеді: сабақтар бір-бірінен әдістемелік сауатты түрде құрылуымен, дидактикалық принциптерге сәйкестігімен, рационалды құрылымымен және ырғағымен, заманауи педагогикалық технологиялардың қолданылуымен ерекшеленеді. Мектеп педагогтары заманауи білім беру технологияларын білім беру үдерісінде білім беру сапасын арттыру ретінде қолданады.

Мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін арттыруға педагогикалық және әдістемелік кеңестер мәжілістері көмектеседі, 2019-2020 оқу жылы жылдық жоспарға сәйкес 5 педагогикалық кеңес мәжілісі мен 5 әдістемелік кеңес мәжілісі өткізілді.

Кәсіби құзыреттілікті арттыру формаларының бірі болып педагогтардың кәсіби конкурстарға қатысулары болып табылады. 2019-2020 оқу жылы мұғалімдер келесі деңгейлер бойынша интеллектуалды конкурстарға қатысты:

Шарипова С.А. Педагогтың қол жеткізген жетістіктері: «Алғыс хат» (Аудандық білім бөлімі, 2018ж.), «Құрмет грамотасы» (Ақмола облысының білім басқармасының басшысы, Көкшетау қ., 2019ж.), «Шебер педагог» төсбелгі (Тіл, өнер & білім орталығының директоры, Нұр-Сұлтан қ., 2019 ж.), «Құрмет грамотасы» («Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ, Көкшетау қ., 2020ж.), «Біржан сал Қожағұлұлы 185 жыл» медалі (Біржан сал ауданының әкімі, 2020 ж.). Облыстық деңгей қорытындысы:

Шишанова С.К. облыстық Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абай жаққан бір сауле» ақындар мүшәйрасының жүлде орын иегері. КИО олимпиадасының ІІ орын иегері.

Алпыспаева В.Б «Педстарт» қашықтық олимпиадасының ІІІ орын иегері.

Нуралина Ф.А. психология пәні бойынша республикалық қашықтық олимпиадасының аудан бойынша ең жоғары нәтиже. Облыстық ЖИТС –пен күрес және алдын алу орталығы ұйымдастырған байқауында оқушысы жүлделі орынға ие болды.

Макажанова Ж.К. Ұлттық Интернет Олимпиада ІІО; диплом 3 – дәрежелі республикалық Дәстүрлі Интернет Олимпиада;

ІІІ –орын мұғалімдерге арналған республикалық олимпиада.

Оқушыларын байқауға қатыстырғаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. Тіл, өнер & білім орталығының директоры, Нұр-Сұлтан қ., 2019 ж

Буркутбаева А.К. КИО олимпиадасына қатысып жүлделі ІІІ орынға ие болды, «Үздік ашық сабақ» жүлделі ІІІ орын Тіл, өнер & білім орталығының директоры, Нұр-Сұлтан қ., 2019 ж.

Доскенова Ш.С. ІІО қашықтық олимпиадасына қатысып, жүлделі орынға ие болды.

Кусаинова А.К. мұғалімдерге арналған республикалық олимпиада ККО.жүлделі орын; «Дарабоз»оқу орталығы ұйымдастырған республикалық онлайн конкурсындағы Алғыс хаты.

Педагогикалық тәжірибені жалпылау мен таратудың әртүрлі формалары қолданылады: шығармашылық есептер, ашық сабақтар көрсетумен әдістемелік апталықтар, конференцияларға, семинарларға, түрлі деңгейдегі педагогикалық оқуларға қатысу.

Әдістемелік жұмыстың әрекет етугі жүйесі мұғалімдердің кәсіби шеберлігі деңгейін арттыруға мүмкіндік ереді және белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге де мүмкіндік жасайды: әдістемелік құралдар конкурстарындағы жүлделі орындар, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, мұғалімдердің жалпы шығармашылық белсенділігіне.

Сонымен қатар, шешілмеген проблемалар да, жаңадан пайда болған проблемалар да бар:

-мұғалімдердің мектептің білім беру үдерісін жетілдіру бойынша шығармашылық қызметіне толығымен қатысулары жоқ;

-педагогикалық тәжірибенің толық құрылымдық проблемасы өзекті болып қалуда, мұғалімдердің өздерінің педагогикалық зерттеулеріне сәйкес кезеңді қызметтері; -мұғалімдерге арналған іштей қатысатын интеллектуалды және шығармашылық конкурстарға қатысу қорытындысының төменділігі.

Мұғалімнің өз білімін жетілдіруі педагогтың кәсіби қызметінің қажетті жағдайы болып табылады. Басқаларды оқыту үшін басқаларға қарағанда көбірек білу қажет. Мұғалім өз пәнін ғана біліп қоймай, оны оқыту әдісін де білуі тиіс және де жақын жатқан саладағы ғылымдарды да білуі тиіс, қоғамдық өмірдің түрлі салаларын, қазіргі заманғы саясатқа да, экономикаға да және т.б. да бағдарлануы қажет.

Мұғалім әрдайым оқуы тиіс, өйткені оның оқушылары алдында қоршаған ортаға деген ұғымдары да өзгеріп отырады. Өз білімін жетілдіруге деген қабілеті артып отыруы тиіс, жоғары оқу орыннан алған дипломымен шектелмеуі тиіс.

Сондықтан да мектепте жас мұғалім мектебі жұмысын жалғастыруда.

2021-2022 оқу жылы бұл мектептің жұмысына 2 жас маман қатысты Карчиганова А.С биология пәнінен, Жасан Г физика пәнінен. Олардың әрқайсына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлер жас мұғалім мектебі жетекшісімен және мектептегі директордың оқыту жұмысы жөніндегі орынбасарымен бірлесіп сабақтарға қатысуда, мақсатты анықтау бойынша, материал мазмұнын таңдау бойынша, педагогикалық әдістер мен технологияларды меңгеру бойынша кеңестер берілді. Аталмыш жұмыс оқу жылы бойы жас мамандар өздерінің кәсіби деңгейлерін арттыруға белсенді түрде қатысуға мүмкіндік жасады.

Қорытынды мен ұсынымдар:

Мектептің әдістемелік жұмысы мазмұнының анализі мектептің әдістемелік тақырыбы негізгі міндеттерге сәйкес келетінін көрсетеді. Әдістемелік кеңестер, мектептік ӘБ мен педагогикалық кеңестер мәжілістерінің тақырыбы негізгі проблемалық мәселелерді көрсетіп, оларды мектептің педагогикалық ұжымы басты мақсаттарға сәйкес шешуге тырысады.

Әдістемелік жұмыстың әрекет етуші жүйесі мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға көмектеседі және белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: әдістемелік құралдар конкурстарындағы жүлделі орындар, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, мұғалімдердің жалпы шығармашылық белсенділігі. Сонымен қатар, шешілмеген проблемалар да, жаңадан туындаған проблемалар да бар:

-мұғалімдер мектептегі білім беру үдерісін жетілдіру мен дамыту бойынша шығармашылық қызметіне толығымен қатыспайды;

-педагогикалық тәжірибенің тұтас құрылымдық проблемасы, мұғалімдердің өздерінің педагогикалық зерттеулеріне сәйкес кезеңдік қызметтері өзекті болып қалуда.

-мұғалімдерге арналған іштей қатысатын интеллектуалды және шығармашылық конкурстарға қатысу қорытындысы төмен болып қалуда.

Педагогикалық кадрлар біліктіліктерін арттыру мен қайта даярлаудан Ақмола облысы бойынша «Өрлеу» РИПКСО біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы филиалында, ПШО да біліктілікті арттыру орталығында, қашықтықтан ұйымдастырылған курстардан білімдерін шыңдады. Педагогтардың кәсіби және білім беру деңгейін арттыруға қайта даярлау курсынан жоспарлы түрде өту

бойынша жүйелі жұмыс көмектеседі. Мектепте педагогикалық қызметкерлердің курстық қайта даярлаудан өтуін бақылайтын алгоритм әзірленіп, орындалуда. 2021-2022 оқу жылы педагог курстық қайта даярлаудан өтті.

ҚР-дағы жаңартылған білім беру мазмұны шеңберіндегі курстардан 21 мұғалім өтті. 84% көрсетті.

Педагогикалық шеберлік аттестаттаудан өткен мұғалімдердің тізімі

	Т. А. Ә. (куәлік бойынша)	пәні	Пед. өтілі	Санаты	Пед. шеберлік	Өткен жылы
1	Шарипова Сания Сайлаубековна	Орыс тілі мен әдебиеті	13	1	Педагог-сарапшы	2019
2	Макажанова Жанар Кайлановна	Бастауыш сынып	22	1	Педагог-сарапшы	2019
3	Туржанова Акмарал Жунусбаевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	6	2	Педагог-модератор	2019
4	Нурушева Аклима Аубакировна	Математика	41	Жоғары	Педагог-сарапшы	2019
5	Шишанова Сауле Кенесовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	22	Жоғары	Педагог-зерттеуші	2019
6	Нуралина Фатима Акылбековна	Психолог	20	Жоғары	Педагог-зерттеуші	2019
7	Буркутбаева Алтын Кабдоловна	Бастауыш сынып	23	1	Педагог-зерттеуші	2019
8	Кусаинов Мейрамбек Зейнелгабиденович	Дене шынықтыру	14	1	Педагог-сарапшы	2019
9	Биахмет Ерханат	Информатика	3	-	Педагог-модератор	2019
10	Карчиганова Айдана Сапарбаевна	Биология	3		Педагог-модератор	2021
11	Нурханова Гульнар Сагатовна	музыка	14	-	Педагог-модератор	2021

Педагогикалық шеберлік аттестаттаудан өткен: 11 мұғалім .42% көрсетті
24 мұғалімнің 3-уі жаңартылған мазмұндағы білім беру курстарынан өткен жоқ, Олар педагогикалық жұмысты жаңа бастады. 3 мұғалім алдағы курстардан өту жоспарына енгізілген.

Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы курстар

Оқу жылы	2019-2020	2020-2021	Барлығы
Мұғалімдер саны	0	2	0

Инклюзивті білім беру бойынша мұғалімдер алдағы курстарға қатысуға жазылып қойылды.

Қорытындылар мен ұсынымдар:

2021-2022 оқу жылы мектептегі педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруды жоспарлау мен ұйымдастыру бойынша жұмыс тиісті деңгейде деп танылсын.

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың алдағы жоспары құрастырылды.

ҚР жаңартылған мазмұндағы білім беру шеңберіндегі курстарға қатысу жұмысы жалғастырылсын.

Педагогикалық кадрлардың аттестатталуын өткізу бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау ережелерін бекіту туралы» №83 бұйрығын орындауға бағытталған.

2021-2022 оқу жылы аттестаттаудан өтуге өтінішті 6 мұғалім берген, олардың ішінде:

-педагог-зерттеушіге – 2;/2 мұғалім тест тапсыруда 1,2 балл жетпей , өтпей қалды/

-педагог-сарапшыға – ;

-педагог-модераторға –3. Екеуі өтті

Облыстық, қалалық және мектептік аттестациялық комиссия шешімімен мұғалімдердің барлығы өздерінің біліктілік санаттарын өтініштеріне сәйкес дәлелдеді.

III. Педагогикалық ұжымның білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған қызметі

Мектеп қызметінің негізгі көрсеткіші оқушылардың жетістіктері болып табылады. Материалды меңгеру бойынша нәтижелерді бақылау мақсатында пәндер бойынша тақырыптық және бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау жұмыстарының қорытынды анализін шығара отыра, оқу үлгерімінің орташа көрсеткіштері жалпы тұрақты және рұқсат етілген деңгейде екенін көрсетті. Білім сапасы жақсы деңгейде.

Басқарушылық қызметтің негізі міндеті әкімшіліктің мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарын орындауына бақылау жасау болып табылады.

Бақылау мектеп жұмысы жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Бақылау қорытындысы бойынша аналитикалық материалдар құрастырылды.

Мектепшілік бақылау қорытындыларына анализ жасалып, әкімшілік мәжілістерде, директормен өткен кеңестерде талқыланды.


Қолда бар сараптамалар оқушылардың оқу мүмкіндіктері туралы шешім шығаруға, оқу үлгерімі төмен оқушылармен психологтың зерттеулері көмегімен барлық пән мұғалімдері жүргізетін жеке жұмыстарын мақсатты түрде жүргізуге мүмкіндік берді.

Білім сапасы мен тәрбие деңгейін арттыру үшін оқыту әдістерін, сонымен қатар, оқушыға қойылатын талаптарды сақтау қажет. Сонымен, мектепте жыл сайын (сәуірде және қазанда) бастауыш және негізгі мектеп арасындағы сабақтастық мәселелері бойынша педагогикалық консилиум өткізіледі. Консилиумға дайындық

барысында төртінші сыныптықтардың эмоционалды-ерікті саласын дамыту мен олардың негізгі мектепте оқытылуына дайындығы қадағаланады. Аталмыш жұмыс бұрынғы төртінші сыныптықтардың оқитудың жаңа жағдайларына бейімделуін жеңілдетуге және тездетуге мүмкіндік береді және пән мұғалімдеріне бесінші сыныптықтарды оқытудағы педагогикалық әдістерді анықтауға мүмкіндік жасайды.

Оқушылардың соңғы үш жылдағы білім сапасы:

№	Білім алушылар	2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	Үздіктер	25 %	33 %	32%
2	Озаттар	48 %	44 %	44%
3	Жалпы	73 %	77 %	76%



Сыныптар бойынша білім сапасы 2020-2021 оқу жылы

Сынып	Оқу жылы соңындағы оқушылар саны	«4» және «5» оқыған оқушылар саны	Білім сапасы(%)
1	5	5	100
2	10	10	100
3	5	4	80
4	5	5	100
5	6	4	67
6	7	5	71

7	6	4	67
8	11	6	54,5
9	5	3	60
10	7	4	57
11	5	5	100
Барлығы:	72		

Соңғы 3 жылға ҰБТ көрсеткіштері

№	Оқу жылы	Орташа балл	Үздік аттестаттар	Алтын белгі
1	2018-2019	64	1	1
2	2019-2020	66		
3	2020-2021	68		

Оқушылардың республикалық , облыстық аудандық олимпиадасының нәтижелері

№	Білім алушының аты-жөні	2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	Қайрулла Бижан		Облыстық пәндер олимпиадасы І орын Республикалық пәндер олимпиада Сертификат	
2	Кошенбаев Мәди	Аудандық пәндер олимпиада (қазақ тілі мен әдебиеті) II орын		
3	Қайролла Бижан	Аудандық пәндер олимпиада (қазақ тілі мен әдебиеті) II орын	Аудандық пәндер олимпиада (Қазақ тілі мен әдебиеті) III орын	
4	Ғаббасов Райымбек	Аудандық пәндер олимпиада (Қазақстан тарихы) III орын	Аудандық пәндер олимпиада (Қазақстан тарихы) III орын	
5	Тлеулесова Зарина	Аудандық пәндер олимпиада (география) I орын Облыстық пәндер олимпиада Сертификат		

6	Амангелді Орынбасар	Аудандық пәндер олимпиада (география) III орын		
7	Қазбек Даулет	Аудандық пәндер олимпиада (биология) III орын	Аудандық пәндер олимпиада (математика) III орын	
8	Шәріп Төрежан			Аудандық пәндер олимпиада (биология) III орын
9	Қанаш Мөлдір			Аудандық пәндер олимпиада (Адам.Қоғам.Құқық) III орын
10	Жарылғасын Асылжан			Аудандық пәндер олимпиада (қазақ тілі мен әдебиеті) III орын
11	Жарылғасын Мадияр			Аудандық пәндер олимпиада (информатика) III орын
12	Қазбеков Алмас			Аудандық пәндер олимпиада (Қазақстан тарихы) III орын

Аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасының нәтижелері

№	Білім алушының аты-жөні	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Шәріп Әліби			II орын
2	Камидоллинов Жансұлтан			III орын
3	Амангелді Нұрсұлтан			II орын
4	Дәуренбекова Алия	III орын	II орын	

Аудандық «Абай оқулары » олимпиадасының нәтижелері

№	Білім алушының аты-жөні	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Амангелді Орынбасар	III орын		
2	Тұрсын Анел			Облыстық Абай Құнанбайұлының 175

				жылдығына орай «Абай жаққан бір сәуле» ақындар мүшәйрасы сертификат
3	Дәуренбекова Алия			Облыстық Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай жаққан бір сәуле» ақындар мүшәйрасы Сертификат
4	Мұрат Аружан			Облыстық Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай жаққан бір сәуле» ақындар мүшәйрасы Сертификат Аудандық пәндер олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті бойынша ІІІ орын
5	Қайролла Бижан		ІІ орын	
6	Кошенбаев Маді		ІІ орын	
7	Тұрсын Анел		Белсенді қатысқаны үшін мадақтама	

Аталғандардан келесілерді жасау қажет:

- 1) әкімшіліктің басқарушылық бойынша жұмысын оқушылардың білім сапасын арттыру мен оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жақсарту мақсатында белсендендіру, қайта қарау;
- 2) пән мұғалімдері әр оқушы үшін жағдайлар жасау мақсатында жеке оқытудағы тәсілдерді жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлу.

IV. Кітапхана жұмысы

Тиімді оқытуды ұйымдастырудағы негізгі жағдайлардың бірі сапалы оқыту-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады, оны мектеп кітапханасы ұсынады. Кітапханада қызмет көрсету оқу залында жүзеге асырылады.

Оқу залында 12 орын бар. Жалпы қоры 2401 дананы құрайды, оның ішінде оқулықтар қоры - 981 дана. Берілген кітаптар саны 2540, оқушылар контингентіне қатысты талаптарға сай. Оқулықтармен 100% қамтылған.

V.Оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту жағдайының анализі

Оқушылардың денсаулығы мен өмірін сақтау кепілідеме беретін оқыту-тәрбиелеу үдерісінде қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

- Мектеп ғимараты, сыныптар, рекреациялар, сонымен қатар, құрал-жабдықтар, мектеп жиһазы СанПин талаптарына сай келеді.
- Мектептің белгілі бір материалдық-техникалық базасы бар: 14 оқу кабинеті, 12 адамға арналған оқу залы бар кітапхана, 10 орындық асхана, 2 шеберхана, 1 компьютер сыныбы, медициналық кабинет, спорт залы.
- Мектеп жанындағы учаскіде спорттық-сауықтыру комплексі жабдықталған, оған: футбол алаңы, баскетбол алаңы, жаттығу комплексі, жүгіру жолы кіреді. Мұның бәрі таза ауада айналысу үшін, балалардың қызығушылығын арттыру арқылы қозғалыс белсенділігін ынталандыру үшін қолданылады.
- Мектеп ғимараты, кабинеттер мен мектеп алаңы қауіпсіздік техникасы талаптарына сай келеді.
- психологтың жеке кабинеті бар.
- Мектепте құрал-жабдықтың стандартты комплектісімен қамтылған медициналық кабинет бар, онда алдын алу тексерулер, жұқпалы аурулар бойынша шаралар жүргізіп отыратын медбике үнемі жұмыс істейді.
- Әр балаға медициналық карта және паспорт ашылған.
- сабақтарды өткізу кезінде сергіту сәттер, жаттығу минуттары өткізіледі.
- Оқыту жүктемелері СанПин-де белгіленген жас нормативтерінен аспайды.
- Оқу үдерісі кезіндегі қорғанысты ұйымдастыру үшін бейнебақылау орнатылған: рекреацияларда, спорт залында, оқу кабинеттерінде.
- Мектепте балалардың қауіпсіздігі бойынша көрнекілік үгіт, құқық бұрышы мен ТЖ стенді әрекет етеді.

Оқушылардың оқу жылы соңындағы әлеуметтік картасы

Статус	Оқушылар саны	Оқушылардың жалпы санының %
жетім балалар мен ОБПР балалар	1	1,4
Аз қамтамасыз етілген	-	-
Көп балалы	10	13,8
АСП алушылар	12	16,6

Толық емес отбасылары	6	8,3
Тұрмысы нашар отбасылары	-	-
Өгей әкесі/анасымен тұратын балалар	2	2,8
Мүгедек балалар	-	
Үйде оқытылатын балалар	1	1,4

Қоғам орта мектебі бойынша оқушылардың спорттық секцияларына қатысуы

2018-2019 оқу жылы	32	35%
2019-2020 оқу жылы	37	41%
2021-2022 оқу жылы	42	47%

Салыстырмалы анализ оқушылардың секцияларда қамтылуының тұрақты екенін көрсетеді.

Оқу жылы бойы оқушылар асық ату, волейбол мен тоғызқұмалақ бойынша жарыстарға қатысты

Оқу жылы	Мектептен тыс мекемелерге қатысатын оқушылар саны	Мектептен тыс мекемелерге қатысатын оқушылардың қамтылу %
2018-2019	24	8
2019-2020	28	12
2021-2022	18	4

Мектеп асханасы 10 орындық, оқушылардың қол жууы үшін раковиналармен жабдықталған арнайы орын ұйымдастырылған.

Асханада әкімшіліктің және сынып жетекшілерінің кезекшілігі ұйымдастырылған, оқушылардың тамақтануы мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Тамыз айында өткізілген ата-аналар жиналыстарында мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтуы уақытша тоқтатылғаны бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығындағы демалумен қамтылу мониторингі

Біздің оқушыларды сауықтыру мен демалдыру мақсатында оқу жылы бойы «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығына жіберіледі. 2019-2020 оқу жылы 1 оқушы демалып, денсаулығын түзеді. Оқушы орталықтағы шараларға белсенді түрде қатысып, жүлделі орындар алып келді.

2.Бөлім «Білім беру бойынша нормативтік құжаттарды жүзеге асыруға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру»

2.1. 2021-2022 оқу жылына жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
1	«Білім беру ұйымдарына қабылдау және тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету арқылы 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау (Е-GOV мемлекеттік порталы)	01.04-01.08.2022	ДОГЖО Ж.К.Макажанова, Бидахмет Е.	Е-GOV мемлекеттік порталы арқылы электрондық құжаттарды қабылдау
2	Сыныптарды жинақтау	01.09.2022дейін	ДОГЖО Ж.К.Макажанова, Г.Ж.Касенова іс-жүргізуші	бұйрық
3	Алфавиттік кітапты, оқушылардың келу/кетуіне арналған бұйрық кітабын жүргізу	05.09.2021дейін	Г.Ж.Касенова іс-жүргізуші	анықтама
4	«Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу	01.08-30.09.21	ДТІЖО А.Ж.Туржанова	анықтама
5	Жалпы білім беру айлықтарын ұйымдастыру және өткізу	Жыл бойы	ДОГЖО Ж.К.Макажанова, ДТІЖО А.Ж.Туржанова	бұйрық
6	9, 11 сынып түлектерін жұмыспен қамту	Қыркүйек қаңтар	ДОГЖО Ж.К.Макажанова	Растау анықтамасы, ДЖК анықтамасы
7	Жетім балалар мен халықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен оқушылар тізімін түзету	1.09.2022дейін	ДТІЖО А.Ж.Туржанова	ДЖК анықтамасы

8	Сыныптың әлеуметтік паспорты. Жаңадан келген оқушылар қатарынан жетім балаларды, көпбалалы және аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды анықтау	1.09.2022дейін	ДТІЖО А.Ж.Туржанова, сынып жетекшілер	ДЖК анықтамасы, ҰБДҚ базасындағы тізімді жаңарту
9	ПМПК анықтамалары негізінде үйде оқытуды және инклюзивті білім беруді ұйымдастыру	1.09.2022дейін	ДОІЖО Макажанова Ж.К.	ДЖК анықтамасы
10	1-11 сынып оқушыларының жеке істерін тексеру	Қыркүйек қаңтар	Г.Ж.Касенова іс-қағаз жүргізуші, сынып жетекшілер	ДЖК анықтамасы
11	Есепте тұрған оқушылар тізімін жасау мектепшілік; «қауіп тобында»	2022қыркүйек қаңтардың бірінші апталары	ДТІЖО А.Ж.туржанова, сынып жетекшілер	ДЖК анықтамасы
12	Оқушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	10.09.2022 дейін	Кітапханашы Асхар Е., сынып жетекшілер	ДЖК анықтамасы
13	ҰБДҚбазасын және мектеп оқушыларының базасын жаңарту	қыркүйек, жыл бойы	жүйелік администратор Бидахмет Е. Іс-қағаз жүргізуші Касенова Г.Ж., Макажанова Ж.К.	ҰБДҚ базасын жаңарту
14	1-11 сынып оқушылары үшін ыстық тамақпен тамақтануын ұйымдастыру	1.09 2022.нен бастап жыл бойы	ДТІЖО А.Ж.Туржанова, мектеп асханасының жалға алушысы Акимбаева И.А.	анықтама
15	Оқушылардың қозғалысын бақылау	жыл бойы	ДОІЖО Ж.К.Макажанова	әр тоқсанның соңында ББ есеп беру
16	Мектеп ішінде және «қауіп тобына» тіркелген оқушыларды сабақтан тыс жұмыспен қамтамасыз ету	жыл бойы	ДТІЖО А.Ж.Туржанова, сынып жетекшілер	анықтама
17	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	маусым шілде тамыз	ДТІЖО А.Ж.Туржанова, сынып жетекшілер	ДЖК анықтамасы
18	2022-2022 оқу жылына арналған жалпы білім беру барысы туралы есеп	мамыр	ДОІЖО, ДТІЖО	Жұмыс талдауы

2.2. 2022-2023 оқу жылына Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңын іске асыру бойынша ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
1	«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды, Қазақстан	Жыл бойы	ДОІЖО Ж.К.Макажанова	«ҚР тілдер туралы» Заңды іске асыру туралы анықтама ДЖК, ӘК

	Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру			
2	ҚР БҒМ нұсқаулық-әдістемелік хатын және басқа да нормативтік құжаттарды зерттеу	қыркүйек	Әкімшілік ӘБ жетекшілері	ҚР БҒМ нұсқаулық-әдістемелік хатын және басқа да нормативтік құжаттарды талдау
3	Іс қағаздарын жүргізу, стендтер мен көрнекі материалдарды мемлекеттік тілде безендіру	үнемі	Мектеп директоры, ДОДЖО, ДТДЖО іс-қағаз жүргізушісі	мемлекеттік тілде іс қағаздарын сапалы жүргізу
4	Мемлекеттік қызметтерді көрсету («Электрондық үкімет» сайты, «Е-gov») және азаматтарды мемлекеттік тілде қабылдау	үнемі	Мектеп директоры, Биахмет Е.	мемлекеттік қызметтерді мемлекеттік тілде сапалы көрсету
5	Қазақ тіліндегі газет-журналдарға жазылуды ұйымдастыру (ерікті)	Қыркүйек, желтоқсан	Кітапханашы Асхар Е.	қазақ тіліндегі газет-журналдарға жазылу
6	Кітапхана қорын әдебиеттермен, терминологиялық сөздіктермен толықтыру	үнемі	Кітапханашы Асхар Е.	қазақ тіліндегі әдебиеттерге өтінім беру, толықтыру
7	Сайтпен екі тілде жұмыс істеу	үнемі	Биахмет Е.	ақпаратты қазақ тілінде орналастыру
8	Тілдер айына арналған іс-шаралар ұйымдастыру.	қыркүйек	ДТДЖО, тіл мамандары	ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар, мұражайларға, театрларға бару.
9	«ҚР тілдері туралы» заңға мониторинг жүргізу	үнемі	ДОДЖО	«Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Заңының іске асырылуын талдау

2.3. 2022-2023 оқу жылына арналған «Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Мақсаты: басқару іс-әрекетін автоматтандыру және оқу процесін ақпараттандыру арқылы мектепте бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің өсуіне қолдау көрсету үшін жағдайлар жасау.

Міндеттері:

1. ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи деңгейін ескере отырып, білім беру процесінің сапасын арттыру;
2. мектептің білім беру қызметін жетілдіруді қамтамасыз ететін электрондық білім беру қызметтері мен қызметтерін пайдалануды қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру;
3. оқытушылар құрамының ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін арттыру және үздіксіз оқытуға ықпал ету;
4. оқыту тәжірибесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімді тәжірибесін анықтауға, қорытуға және таратуға ықпал ету.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
---	------------	-----------------	------------	------------------

1	Білім беру қызметінде физикалық факторлар көздерімен (компьютерлер мен бейнетерминалдар) еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау.	Тамыз, қаңтар, мамыр	Биахмет Е.	ақпарат
2	Бұйрықты әзірлеу және қабылдау: 1. «Күнделік» бірыңғай электронды білім беру ортасындағы жұмыс туралы (https://kundelik.kz). 2. ҰБДҚ әкімшілік деректерді жинауға және толтыруға жауапты адамдарды тағайындау туралы.	Тамыздың 4 аптасы	Мектеп директоры	бұйрықтар
3	Компьютерлер мен оргтехниканы түгендеу. Оқу іс-әрекеті жағдайының өзгеруі барысында қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді анықтау.	Кесте бойынша	ДОІЖО Ж.К.Макажанова, ДШЖО Курмашев М.Г.	актілер сұраныс
4	Пайдаланудан шыққан және / немесе қазіргі заманғы талаптарға сай келмейтін компьютерлік техниканы есепке алу.	Мамыр-тамыз	ДШЖО Курмашев М.Г.	Техниканы есепке алу туралы акті
5	Мемлекеттік қызметтерді Egov.kz және EgovKzBot электронды үкімет порталы арқылы алу мүмкіндігі туралы білім беру процесінің барлық қатысушыларын ақпараттандыру	қыркүйек, жыл бойы	ДОІЖО, сынып жетекшілер	Ақпарат
6	«Күнделік» бірыңғай электрондық білім беру ортасындағы жұмыс: 1. Жаңадан келген мұғалімдерді «Күнделік» БЭБОжұмыс нұсқауларымен және ережелерімен таныстыру	Қыркүйектің 1 аптасы	ДОІЖО Ж.К.Макажанова, Биахмет Е.	жас мамандармен және жаңадан келген мұғалімдермен жеке жұмыс
	2. «Күнделік»БЭБО үшін логиндер мен парольдерді қалпына келтіру	қыркүйек, талап бойынша	Жүйелік әкімшілік Биахмет Е.	Қажетті ақпараттарды беру
	3.«Күнделік» БЭБОоқужылына дайындау(қолданушыларды жаңарту, пәндерді қосу, кесте құружәнет.б.)	қыркүйек	ДОІЖО, жүйелік әкімшілік Биахмет Е.	Жеке жұмыс
	4. Оқушылар туралы ақпарат қосу, 1 сынып қалыптастыру, топқа бөлу, КТЖ енгізу	қыркүйек	жүйелік әкімшілік Биахмет Е.,сынып жетекшілер	есеп
	5. «Күнделікпен» жұмыс жасайтын мұғалімдер мен ата-аналарға мониторинг жүргізу	Жыл бойы	ДОІЖО	ДЖК анықтама
	6. «Kandelik» БЭБО толтырудың уақтылығын бақылау	Күн сайын	Басшының ӘБ бойынша орынбасарлары	анықтама
	7. «Online Mектер» оқу порталын пайдалануды бақылау және т.б.	Қазан, ақпан	ДОІЖО	ӘК, ақпарат
7	Оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды қолдану үшін жағдай жасау: 1.Оқу кабинеттерін жаңа оқу жылына дайындау.			

	2. Сыныптардағы компьютерлік техниканы орналастыру, жауапты адамдарды қамтамасыз ету. 3. Компьютерлік техниканы орнату, қосу және баптау	тамыз	Кабинет меңгерушілері Кабинет меңгерушілері Биахмет Е.	кабинеттің дайындық актісі тапсырыс журналында толтыру белгілеу, журналдың болуы
8	IT-кабинетінің жұмыс істеу шарттары мен жағдайларын жасау. IT-технологиялар бойынша жарыстар мен байқауларға қатысу	Жыл бойы	Биахмет Е.	Кабинеттің жұмыс кестесі
9	Мектептің сайтының және әлеуметтік парақтарының жұмысын жүргізу	үнемі	БиахметЕ., Туржанова А.Ж.	сайттардағы және фейсбуктегі заманауи ақпарат
10	ҰБДҚ толтыру	қыркүйек	Макажанова Ж.К., Биахмет Е., сын.жетекшілер	ҰБДҚ қол қою
11	Негізгі орта білім туралы аттестаты мен жалпы орта білім туралы аттестаттың нысандарын толтыру, телнұсқаларын беру	маусым; сұраныс бойынша	Мектеп директоры, ДОІЖО	қатаң есептіліктің толтыру нысандары
12	Онлайн сабақтар мен семинарларға қатысу (белсенді және пассивті)	Кесте бойынша	әкімшілік, пән мұғалімдері, оқушылар	Ақпарат алу, сертификат
13	Оқушылардың информатика және пәндер бойынша онлайн олимпиадалар мен жарыстарға қатысуы.	Жеке кесте бойынша	Информатика және пән мұғалімдері.	сертификатта р
14	Семинар-практикумдар: 1. Білім берудегі заманауи білім беру және ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері 2. АКТ технологиялары арқылы оқушылардың пәндерді оқуға деген ынтасын арттыру 3. Сабақта оқушылардың білімін тексеруде және қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде АКТ технологияларын қолдану	қыркүйек қараша наурыз	ДОІЖО, пән мұғалімдері	Кеңесте ақпарат

2.4. Техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар	мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
Балалардың жол-көлік жарақаттары ескерту бойынша шаралары				
1	Еңбек қауіпсіздігі және техникалық қауіпсіздігі үшін жауапты адамды тағайындау туралы мектепке бұйрықты жасау	қыркүйек	Мектеп директоры	бұйрық
2	1-8 сынып жетекшілерімен жолда жүру ережелеріне сәйкес оқушылармен сабақ өткізу әдістемесі бойынша нұсқаулық және әдістемелік сабақтар ұйымдастыру	қыркүйек	ДТІЖО А.Ж.Туржанова	нұсқаулық
3	Оқушылармен тақырыптық ертеңгіліктер, викториналар, конкурстар, жол қауіпсіздігі бойынша жарыстар өткізу	Жыл бойы	Сынып жетекшілер	балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын-алу

4	МАИ қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	ДТІЖО А.Ж.Туржанова	дәрістер
5	Жол қауіпсіздігі үшін мектеп сайтында парак жасау	қыркүйек	ДТІЖО А.Ж.Туржанова	Ескертпелер, мақалалар
Мектеп қызметкерлерінің еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар				
